

Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің Пограничник ауылының "Гребенюк" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 1-03/15 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 желтоқсанда № 6688 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 1-03/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қаласы Достық ауылдық округі әкімінің 12.03.2020 № 1-03/02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Ақсу қаласының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2019 жылғы 3 желтоқсандағы № 2-19/583 ұсынысы негізінде, Достық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақсу қаласы Достық ауылдық округінің Пограничник ауылының "Гребенюк" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Достық ауылдық округінің әкімі

Ж. Каирханов